

Астана – болашақтың қаласы

Жылда өркендедің, өрледің,
Дәл өзіңдей әсем қала көрмедім,
Қанат жайған еркін қала Астана,
Болашағыма баспалдақсың сен менің.
Мәңгілік ел ұранымыз белгілі,
30 елге кіру арман ендігі.
Жайнай берсін, өсе берсін Астана,
Жоғалмасын қазағымның теңдігі.
Бар әлемге нұрын шашқан Астана,
Барша жанға құшақ ашқан бас қала,
Әрқашан да биіктерден көрінсін
Болашаққа қадам басқан жас қала.

Астана... Барша қазақтың асқақ беделі мен айбынын көкке көтерген бас қала. Биік арман мен аялы алақаннан тұрғызылған Еңселі Елорда. Астана – ұлан – ғайыр еліміздің бас қаласы, әлем таныған жас қала. Астананың алып жатқан асуы – тұғырлы тәуелсіздігіміздің, еңселі елдігіміздің, айбарлы азаттығымыздың арқасы. Ең бастысы, Елбасымыздың дара басшылығының қол жеткізген биік белестері деп ойланбастан айта аламыз.

Арқаның төрінде сылдырап аққан Ерке Есілдің жағалауында орналасқан айбынды Астана расында жұмақ мекен бе?!

Париж, Рим...менің ойымша, бұл қалалар қанша сұлу болса да, менің нәзік Астанама тең келмейді. Сәулеті келіскен, келбеті көз тартар алып шаһар Астана бүгінде жапырағын кеңге жайып, алуан түрлі сипатқа бөленіп, дүйім қазағымның ғана емес, бүкіл әлем жұртшылығын өзіне тәнті етуде. Ару Астанамыздың көрсе көз тартар көрікті, қараса көздің жауын алар, жаңа үлгідегі өнеріне негізделген биік – биік ғимараттары қалаға сән беріп, жаңаша бағытта ерекшелендіріп тұрғаны сөзсіз. Бой көтерген әсем ғимараттар арасынан ерекше көзге түсетіні – сұңғақ бойлы, біздің көркем Бәйтерегіміз. Тамырын кеңге жайып, көкке қарай ұмтылған қаланың жас ағашына бас сұқпау, аңызын ұғынбау, кереметін сезінбеу мүмкін емес дүние. Астанада орын тепкен әрбір ғимарат мен үшін бір төбе. Атап айтсақ, «Әзірет сұлтан», «Нұр Астана» мешіттері мұсылман бауырларымыздың шын ниетпен мінәжәт етер киелі мекені. «Хан Шатыр», «Думан» ойын – сауық сауда орталықтары қала тұрғындарының сүйікті мекеніне айналды. «Конгресс -

Холл», «Бейбітшілік пен келісім сарайы» тағы басқа мәдени ошақтарының шоқтығы мен үшін биік. Білікті оқытушы,білімді оқушыларымен мақтанатын білім ордалары қаншама дарынды оқушыларды білім нәрімен сусындандыруда. Астана өзіне қонақтарды қабылдаудан, қонақжайлылығын білдіруден ешқашан жалықпаған.Топырағы құнарлы, ауасы таза солтүстікте орналасқан ғажайып қаланың бойында тылсым күш бар секілді. Адамды өзіне баурамай қоймайды.

Түнгі Астана талай жанды ғашық еткен. Көкпен таласқан әсем ғимараттар алуан түрлі түске боялғанда ертегі әлеміне сапар шеккендей күйге бөленесің. Астана – бейне бір Есілдің жағасында қолға қалам алып, алуан түрлі бояулармен көркемдеп, әрлеп, күнде жаңа элементпен толықтырып,бар ынтасымен тынымсыз салып жатқан дарынды суретшінің ғажайып туындысы іспеттес. Бұл Елорданың бүгінгі сипаты болса, ертеңгі күнде жаңа буын өкілдері Астананы көркейтп, жаңа леп береріне кәміл сенімдімін. Сондықтан да, өзіне ғашық қылған, бір көруге асық қылған, кереметі тасқан, беделі асқан Астананы жұмақ мекен деуге толық негіз бар.

Болашақта Астананы қалай елестетеміз? Менің ойымша, бұл сұрақты әрбір адам өзіне қойған шығар. Шынымен, 5 жыл, тіпті, 10 жылдан соң Елордамыз қай бағытта өзгереді екен? Болашақта Астанамыз бүгінгіден гөрі әрленіп, жаңа сипат алары сөзсіз. Әрине, бұндай өзгеріс жас буын өкілдерінің қолында. Жарқын болашақ иелері осында білім алып, Астанамызды әлемдік дәрежеден де биік белеске жеткізеді. Ата – бабаларымыздың бізге қалдырған баға жетпес асыл қазынасын, біз бен сіз бірге бұл байлықты еселеуіміз қажет. Бүгінде АҚШ-тағы Диснейленд паркі әлемдегі ең бақытты мекен болып саналады. Ертеңгі күнімізде Астана жер жаһандағы ең бақытты да арманға толы мекенге айналады. Диснейлендтің орнын Астана алмастыратын болады. Мұнда өткерген әрбір күнің есте қаларлықтай болады. Болашаққа самғап ұшып, бейбіт елдің құшағында баянды ғұмырымыз жалғаспақ. Ия, бұл, болашақтың қаласы, бейбіт мекені – Астана.